



ПРИОЗЁРСКИЙ

Вестник

№ 44/740

05 ноября 2021 года

Күзгі мереке

Сүйінші !!!

«АУЫЛ – БЕРЕКЕ 2021» ЖӘРМӨҢКЕСІ

Өткен аптаның сенбі күні қаламызда «Ауыл – береке 2021» ауылшаруашылық өнімдерін қала тұрғындарына қолжетімді бағамен ұсынған жәрмеңке ұйымдастырылды. Бүгінде ауыл мен қаланың алтын көпіріне айналған ауыл шаруашылық жәрмеңкелерін өткізу бірнеше жылдардан бері дәстүрге айналып келеді. Ауылдың ырысы мен берекесін әкелетін бұл жәрмеңке халық арасында жылдан-жылға үлкен сұранысқа ие болып, тұрғындар талантарын қанағаттандыруда.

такси қызметі көрсетілді. Жиналған қалың елдің қауіпсіздігін сақтау мақсатында өрт сөндіру және жедел жәрдем қызметінің көліктері сақдай сай тұрды. Қала әкімі Сапар Сағаев бастаған қала мекемелерінің басшылары көпшілікпен араласып, әңгіме-дүкен құрды және олардың ой-пікірлерін, мұң-мұқтаждарын тыңдады.

«Адамды – еңбек, ал адам өз заманын көркейтеді. Ізгілікті көктен іздеме, оны халық бірлігінен ізде» - дейді ұлылар. Жарасымды ауызбірлікпен, көп болып



Сол күнгі жәрмеңкеге тек қала кәсіпкерлері ғана қатысып қоймай, басқа да өңірлерден ауыл шаруашылық өнімдерін сатушылары өз үлестерін қосуда. Атап айтқанда, Ақтоғай ауданының Тасарал,



Тораңғылық, Орта Дересін ауылдық округтарынан ауылшаруашылық тауар өндірушілер сиыр, қой, жылқы еттерін, балық және сүт өнімдерін әкелсе, көршілес Жамбыл облысының Мойынқұм, Шу аудандарынан көкөніс өнімдері тұрғындардың қажеттілігі мен сұранысын қанағаттандырып, бәрі-бәрі сауда сөрелерінің сәнін кіргізді. Сонымен қатар бұл жәрмеңкенің жылдағыдан ерекшелігі – ыстық палау мен дәмді бауырсақ, ыстық шәй таратылып, халықты қуанышқа бөледі.

Базар бағасына қарағанда әжептәуір арзан, алдағы қысқа сақтауға қолайлы азық-түлік өнімдерін қала тұрғындары қабымен, семіз еттерді көп көлемде сатып алып жатты. Жылышақы күздің қазан айының соңындағы жәрмеңке көз алдында құдды Наурыз мерекесі тойланып жатқандай әсер қалдырады. Үлкен кісілер мен мүгедек жандарға тиімді болуы үшін тегін

бастаған жәрмеңкеге мерекелік көңіл-күй сыйлауға қаламызбен қатар Сарышаған кентінен келген жас өнерпаздарымыздың өнері тамашалаған көпшілік әсем ән мен тәтті күйдің ырғағына бөленді. Бахытжан Сайырмановтың шырқаған «Қазақстан» әнімен сахна шымылдығы ашылған концертте Ансар Аязбаев, Елдос Калжігітов, Нұрсұлтан Сейдікқарим, Сауле Кажгерова, Гаухар Сабденбекова, Жомарт Нұмағанбет, Гүлмира Шералиева, Майра Сейдилдаева, Дәурен Сағымбаев және Нұрлан Сүлейменовтер орындаған әртүрлі жанрдағы әндерге жәрмеңкеге жиналған жұрт ризашылықпен қол соқты.

Сахна сыртында қаладағы білекті спортшылардың қатысуымен кір тасын көтеру бойынша күш сынасқан бәсекесі өтті. Сауда-саттықтарын жасап болған халық келушілер үшін жасалған дастарқанда палаудан, бауырсақ пен ыстық шәйдан дәм татты, арасында концерт тамашалап, көңілдерін көтерді.

Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ.
Суреттерде: жәрмеңкеден көріністер.



ЖУРНАЛИСТ ЖЕРЛЕСІМІЗ – ЖҮЛДЕГЕР!

Жыл сайынғы бұқаралық ақпарат құралдарында дін саласындағы үздік мақалалар бойынша журналистер арасындағы байқау жарияланып, оған қаламыздағы «Приозерский вестник» газетінің арнаулы тілшісі, Қазақстан Республикасы журналистер Одағының мүшесі, ақын Нұрғали Қыдырмұратұлы да қатысып, дін туралы газетімізге жарияланған материалдарын ұсынған болатын. Облыс көлеміндегі құрылған комиссияның талқысынан өткен таңдауына орай биылғы жылғы қазан айының 27-жұлдызында конкурс қортындысының жеңімпаздары анықталып, Қарағанды облыстық дін басқармасының кеңсесінде дін басқармасы басшысы Дулат Қанышұлы Халел жеңімпаздарды марапаттады.

Аталған байқау журналистердің белсенді жұмысын ынталандыру және көтермелеу мақсатында, БАҚ өкілдері арасында дін саласындағы, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мәселелерінің үздік жариялымы байқауын жыл сайын өткізіледі. Осы жылғы байқауға БАҚ өкілдері арасынан 14 өтінім келіп түсті.



Алпанбаева жеңіп алды.

Келесі номинация «Үздік телерадио және интернет материалы» бойынша үшінші орын иесі Сәтбаев қаласындағы «Aqsham» телеарнасының журналисі Владимир Романков деп танылса, екінші орын - «Хабар» телеарнасының журналисі Айгүл Амантаеваға, бірінші орын – «Saryarqa» телеарнасының журналисі Мақсат Бейсенаевке табысталды.



Комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы жеңімпаздар «Үздік телерадио және интернет материалы» мен «Облыстың баспа басылымындағы ең үздік жарияланым» номинациялары бойынша қарастырылды.

Комиссия шешімінің нәтижесінде, «Облыстың баспа басылымындағы ең үздік жарияланым» номинациясы бойынша: жүлделі орын - «Приозерский Вестник» газетінің журналисі Нұрғали Қарабековке, екінші орын – «Орталық Қазақстан» газетінің журналисі Қасымхан Ғалымға бұйырды және бірінші орынды «Жезказганский вестник» газетінің журналисі Эльвира

Сонымен қатар марапаттаудан кейін әріптестер дін мәселелері және басқа да тақырыпта әңгімелесіп, дін басқармасының басшысы Дулат Қанышұлы Халелге өздерінің көкейінде жүрген ұсыныс-тілектерін жеткізді. Дін тақырыбындағы мақалаларымен көзге көрініп, жүлдегер болып табылған жерлесімізді жеңісімен құттықтап, алдағы еңбектерінде табыстар мен шығармашылық жетістіктер тілейміз!

Б.КЕНЖЕБЕКОВ,
газеттің бас редакторы.
Суреттерде: марапаттау сәтінен көріністер.

Кратко

Нацбанк выпустил золотые и серебряные монеты «Год тигра»

Национальный банк выпускает в обращение золотые и серебряные коллекционные монеты «Год тигра» из серии монет «Восточный календарь». Информация о дате продажи монет будет дополнительно размещена на официальном сайте Нацбанка, сообщили центру деловой информации **Kapital.kz** в пресс-службе НБРК.

В дизайне монет использованы изо-

бражения архитектурных элементов фонтана «Восточный календарь» (Алматы). Скульптурная композиция была создана художником-монументалистом Владимиром Твердохлебовым совместно с Александром Татариновым и Владимиром Кацевым.

Монеты из золота и серебра выполнены в форме двенадцатигранника и имеют идентичные изображения лицевых и оборотных сторон.

Источник: <https://kapital.kz/finance>



«Рухани жаңғыру» аясында

Қазақта «Өлі разы болмай, тірі байымас», - деген жақсы сөз барын несі қазақ білсе керек. Дегенмен, «байымас» сөзін тура мағынада қабылдап, «эруақты риза қылсақ, байып кетеді екенбіз» - деп ойлайтындар да жоқ емес екен. Алайда, мұндағы баю – руханиат байлығына не болу екендігін саналы адамның пайымдауына болады.

О дүниелік болған ата-әже, әке-шеше, қымбат туыскандар мен бауырлар, дос-жолдас пен көрші-қоланды еске алып, құран бағыштау, қорымына барып, бейіттің аумағын, айналасын тазалап тұру секілді адами іс-әрекеттер әрбір адамның кісілік болмысын көрсетсе керек. Әу бастан қазақ қауымы Тәңіріне табынғанымен, эруағын да ерекше құрметтеген, әулие адамдардың басына түнеп, зиярат еткен, ұрпақ тілеген, демеу сұраған, содан медет күткен. Сол зиярат-тілектері жүзеге асқан да. Бұған мысалдар толып жатыр. «Алпамыс», «Қобыланды» жыр-дастандары соның бір айғағы. Жалғыз жортықан жолаушы ғайыптан адасып кетіп, елге жете алмағанда молаға түнейтін болған. Эруақтардан қорықпаған хәм пана тапқан. Бұған өзіміз де куәміз.

Менің туып-өскен, балалық, бозбалалық, жігіттік шағым Тауелібайдағы Тамды ауданына қарасты сол кездегі Ленин совхозының ең қиындағы, шығысы мен оңтүстігі Қазақстанның сол кездегі Шымкент облысына, солтүстігі Қызылорда облысына шектесетін және қарайтын Далақұдық ауылында өтті. Ол заманда КСРО жері болып саналды. Қызылқұмның жал-жал құмды, шөлейтті аумағында өмір сүрдік. Әкелеріміз қаракөл қойын өсірумен айналысып, адал еңбек, табан ет, маңдай терімен КСРО-ға мәлім болды. Ауылымыз көптеген орденді шопандар шыққан ауыл дәрежесіне көтерілді. 70-шақты үйлі алақандай ауылдың адамдары бір-бірімен туыстарша араласты. Жүзге, руға бөлінбей,

Ауыл бүгін түсіме тағы енді,
Менің үшін тасының бәрі белгі.
Асылымды жоғалтып алғандайын,
Кезіп жүрмін төбелі, сары белді.

Бос қалыпты қойының көгендері,
Құдығының құлаған шегендері.
Ескі жұртын ауылдың шағыл
басқан,
Сағыныштан сынсыды селеулері.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың билігі Қазақстан халқына жолдауында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының одан әрі жалғастыру мәселесі де атап өтілген болатын. Осыған орай еліміздегі жүріп жатқан маңызды істермен бірге біздің Приозерск қаласындағы әкімдік тарапынан да бұл мәселеге жете көңіл бөлінуде. Соның бір дәлелі ретінде төмендегі ақпаратты айта кетсек болады.

Атап айтқанда, Приозерск қаласы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі Уәкілі А.Н.Исатаевтың басшылығымен, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы А.Жайлғанова тарапынан бекітілген ««Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Өзгерістерді өзіңнен баста» кіші бағдарламасын іске асыру шеңберінде», Әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін одан әрі жетілдіру бойынша 2021-жылға арналған жоспары аясында, мемлекеттік қызметшілер үшін еліміздің тарихи маңызы бар өңірлеріне, қасиетті де киелі жерлеріне, тарихи-мәдени мұра ескерткіштеріне, мұражайлар мен театрларға сапарлап баруды ұйымдастыруды іске асыру мақсатында 2021-жылғы 21-қазаннан бастап 24-қазан аралығында Приозерск қаласының жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілері киелі Түркістан

ЭРУАҚ РАЗЫ БОЛМАЙ...

көршілер бір аяқ асымен бөлісті. Қуанышы мен қайғысын да бірге көтерісті. Жастары мен өскіндері үлкенді сыйлады, алдын қия кесіп өтпеді. Үлкендері ұрпақ тәрбиесіне бірдей атсалысты. Ақсақалдардың айтқан сөзі біз үшін жазылмаған Заң еді. Кеңес үкіметінің идеологиясы аса қатаң, қатал кезінде де үлкен кісілер намаздарын оқып, құбылаға жығылды, әже, аналарымыз кімешек киіп, ұлттық дәстүрді сақтады, қыздары өрмек, кілем тоқып, киіз бас-тырды. Үлкендер ораза тұтып, Жалпы ауыл Наурызды тойлады. Ауыл-үйдің жаманын жасырып, жақсысын асырды. Қыз түгілі, ұлға да тиым болды. Бұған ауылдың бәрі келісті, қолдады, әрбір түйткілді мәселені бірге, ақылдасып шешетін... тоқетерін айтқанда, бірлігі жарасқан, ризық-несібесі ортақ, ауызбірлігі мықты, жастары үлкен-дерге, қыздары аналарға, келіндері абы-сынға тоқтаған мамыражай заман еді. Тәлімді ұстаздан, тәрбиені үлкендерден алдық.

Сексенінші жылдардың басында ауылымыз ыдырай бастады. Оның басты себебі – Қызылорда облысының өз жерін сұрауы болды. Ферма орталығы басқа жерге көшірілді. Жаңа шаруашылық ашылып, ауыл адамдарының туыстас бір тобы өздерінің ағайындарына қарай көшті. Сол көш күнгі жағдай әлі күнге менің есімде. Ұзақ жылдық (жиырма шақты жыл) ауылдастар күніреніп кеткен еді. Бірін-бірі қимаған жандар ботадай боздады. Оларға қосылып, бала-шаға шулап жылады. Бірнеше сағатқа созылған қоштасудан соң көшкен жұрт ауылдың бесіндігіндегі төбеден асып бара жатты... алайда, олардың артында қимас жандарымен қатар топырақ астында, сексеуілді паналаған эруақтары қалып еді. Мұны балалар мен біз секілді бозбалалар байқамағанымен, ауылдың үлкендері сезіп, сол үшін саулы інгендей аңырағанын кейіншілік, ержеткенде білдік қой.

Иә, Далақұдық ауылында сол жерді мекендеген талай отбасының ең жақын, аяулы, қадірлі, сүйікті адамдарының бейіті қалды. Олардың арасында қариялармен қатар қыршындар да бар еді. Төмпешікті бүркенген эруақтарына құран бағыштап, тәуету үшін жақындары келіп тұратын. Одан берідегі алғау-далғау заман басталғаннан кейін сол қорымдар айдалада қала барды. Бергінде Қызылорда обысы шекарасын қымтап, шекара әскерлерін орналастырды. Бұдан кейін бейіт басына келудің өзі мұң болғанын біле беріңіз. Әрі кеткенде 100 шақырымдай жерде жатқан қорымға арғы жақтан, Өзбек елі тараптан жолау мүмкін емес еді. Себебі олар үшін бөтен ел, басқа мемлекет. Қазақстанға көшіп келгеннен кейін эруағын іздегендер Қызылорда облысының ресми орындары арқылы арнайы рұқсат алып, ең қызылдың ортасында жатқан қорымға қатынайтын болды. Бұл да қам көңілге бір медет қой...

Осыдан бірер ай бұрын, бүгінде Қазақстанда тұратын, сол Далақұдық ауылында туып-өскен адамдар бір-бірімен хабарласып, құм астында қала бастаған, болашақта мүлде жойылып кетуі мүмкін қорымның басына арнайы белгі қойып, қоршау мақсатында қаражат жинап, игі істі қолға алған болатын. Мұны қолдағандар да, қоштамағандар да болды. Дегенмен, «көп түкірсе – көл» - демекші, осы істің басында жүрген кенже інім Бақтыбайдың ұйымдастыруымен, сол қорымда ең жақын адамдары жатқан жандардың көмегімен, көне қорымға алғашқы жерленген Әбіл атаның атына белгі жасалып, қорғанға қажетті бағандар мен сым сатып алынып, қазан айының соңына қарай бір топ адам жолға шыққан. Айналасы 3-4 күннің ішінде Қарағанды аумағынан аттанған топ Шилелі ауданында тұратын жиеніміз Жұмабай ағаның «Урал» жүк көлігімен Далақұдыққа барды. Ерғали, Қарымбай ағаларымыз, Қадыр, Жеңісбек, Бақтыбай, Марат т.б.

інілеріміз қорым басына белгіні орнатып, қоршауын жасап, сауапты және игі істі атқарып қайтыпты. Ата-бабалардың, жалпы жақын-жуықтың рухын құрметтеп, еске алып тұру, бейіттерді тазалап, қадағалап



отыру секілді шаралар өскелең ұрпаққа үлгі болатын, руханиатымыздың мерейін өсіретін, елді ауызбірлікке үндейтін үлгі-өнеге деп есептейміз. Ол жақта түсірілген бейнетүсірілімдер келісімен, уатсап желісі арқылы ауылдастарымыздың біразына жеткіздім. Алғаш болып хабарласқан және осынау ізгілікте хәм сауапты істі жасаған ағаларына алғысын білдірген, жанарына жас алып, эруақтарын есіне түсірген Қазына құдашам болды. Сол жерде асыл да ардақты анасы жатыр ғой...

Бұл сапардағы жасалған жұмыс пен туып-өскен ауылымыз Далақұдықтың бүгінгі халін менің «Бүгінгі ауылым» атты өлеңімнен де аңғаруға болады құрметті оқыман!..

...Түс пе, өң бе?..

Білмеймін осы арасын,
Жазмышыңнан қалайша қаша
аласың?

Ауыл жаққа бүгінде бара қалсаң,
Еріксізден көзіңе жас аласың!..
Жылап алғын, көңілің босағасын...

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.

БҮГІНГІ

Қаусап жатыр үйлердің сарайлары,
Тышқан іні ұраның маңайлары.
Біз ойнайтын алаңның орыны жоқ,
Басып кеткен сексеуіл тоғайлары.

Меніреу маң, мүлгіген дала жатыр,
Алды жақта құм басқан мола
жатыр.

АУЫЛЫМ

Ұрпақтарым қалайша қалдырды,
деп,
Эруақтар көкке ұшып бара жатыр.

Жұрты бар да, өзі жоқ ауылымның,
Тарқады ма думаны сауығымның?
Тағдыр желі ұшырды қай тарапқа,
Көзі қайда, сондағы қауымымның?

КИЕЛІ ЖЕРЛЕРГЕ САПАР



өңіріне экскурсия жасады. Олар еліміздің оңтүстік аймағында орналасқан киелі Түркістан аумағындағы ғасырлар бойына киелі де қасиетті жерлер саналып келген тарихи жәдігерлерді тамашалады.

–Аталған сапар біздің приозерскілік әріптестерге өте ұнады. Себебі, арамьзда Түркістан қаласын және ондағы орналасқан киелі жерлерді естігенімен, көрмегендер де бар. Арыстан баб, Қожа Ахмет Иассауи бабаларымыздың басына барып зиярат еттік, дұға жасадық. Сонымен қатар облыс орталығына айналған және жедел көркейіп, өркендеп жатқан көне Түркістан шаһарының жаңа келбетін көріп, тамсана тамашаладық. Руханиат жағынан аса пайдалы сапар туралы өскелең ұрпаққа айтып отыратын боламыз. Осындай игі шараны ұйымдастырып, мемлекеттік қызметте жүрген жастардың рухани санасын оятуды мақсат еткен және жұмыс жүргізіп отырған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің басшылығына алғысымыз шексіз екенін жеткізгіміз келеді, - деді біздің сұқбат барысында қала әкімдігінің аппарат жетекшісі, топ жетекшісі Алтай Нәсіпбекұлы Исатаев.

Н. АЛТЫНБАЙҰЛЫ.

Суреттерде: сапар кезіндегі естеліктер.

Цифровой Казахстан

Фактически перепись населения подошла к концу. Остался финальный этап, когда контролёры вместе с интервьюерами будут обходить респондентов. Охват контроля – 10% жилищ. Эта мера позволит убедиться, что всё заполнено правильно, и вычистить ошибки, которые были допущены при заполнении

ИЗ БУМАГИ В ЦИФРУ. В ЧЁМ ЗНАЧЕНИЕ ПРОШЕДШЕЙ ПЕРЕПИСИ НАСЕЛЕНИЯ

опросников. Однако значение этой переписи не только в обновлении статистики, а в том, что все данные теперь переводятся в цифро-

вой формат, и это большой шаг на пути изменения не только системы учёта статистики, но и всего государственного управления в

целом. Например, благодаря этому в 2020 году правительство смогло обеспечить граждан выплатами в размере 42 500 тг. во время локдауна. Оцифрованные данные, а многие в тот момент стали "цифровыми" гражданами благодаря тесному контакту с сайтом eGov.kz, позволили быстро принимать решения и обеспечивать доставку средств людям, оставшимся без работы.

Источник: <https://informburo.kz/stati>



ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ МҰСЫЛМАНДЫҚ РӘСІМДЕРГЕ ҚАРСЫ ЕМЕС

Қазақстан – көп ұлтты және көп конфессиялық елдердің қатарын толықтырушы зайырлы мемлекет. Қазақстан Республикасының Ата заңы мемлекетіміздің зайырлы екендігін айқындайды. Зайырлы дегеніміз бұл – озық, толерантты, ашық қоғам.

Жер шарында 113 мемлекет өзін зайырлы ел деп жариялаған. Зайырлы мемлекет кез келген дінге бейтарап ұстанымда болады. Яғни ресми дін болмайды. Бірақ әр адам өзінің ерікті таңдауымен қалаған дінді ұстануға, тіпті ешбірін ұстанбауға құқылы.

Бүгінде республикамызда мұсылман



жұртшылығының дінді ұстануына елеулі

жағдай жасалған. Қазақстандықтарға жыл сайын бес парыздың бірі қажылық сапарына да баруға мүмкіндіктер жасалған. Жастардың мұсылманшылыққа қызығуына байланысты арнайы медреселер мен жоғары оқу орындарында да исламтану мамандығын алу қарастырылған.

Жыл сайын оған бөлінетін мемлекеттік гранттар көбею үстінде. Өкінішке орай қазіргі жаһандану заманындағы күрделі мәселеге айналып отырған ол дінді дұрыс түсіне алмай.

Әр ұлттың өз ерекшелігі мен ұстанымы, ұлты мен нәсіліне қарай өзіндік қалып-

Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен

тасқан мәдениеті мен салт – дәстүрі болады. Бізде өз заманымызда шет елдерден келетін өзге мәдениет көріністеріне ақыл парасат тұрғысына қарау арқылы өз ұстанымызға тиімді үйлесетін жерлерін ғана алуымыз керек. Бабаларымыздың даналық қағидасынан жеткен «жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» - деген нақыл сөзін жадымыздан шығармағанымыз жөн.

С. Бұқпантаев,
«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ басшысы

Тәуелсіздіктің

30 жылдығы аясында

Қазақстан Республикасының 30 жылдық мерейтойы арсаңында қаламызда мерекеге арналған әртүрлі іс-шараларды ұйымдастырып тұру жұмысы жалғаса түсуде. Осыған байланысты 2021-жылғы қазан айының соңғы аптасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен қала жастары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы «Жемқорлыққа жол жоқ!» атты баннерлер байқауының марапаттау рәсімі өткізілді.

Ісшара мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында «Қарағанды облысының жастар мен балалар ұйымдарының одағы» қоғамдық бірлестігімен бірлесе отырып жүзеге асты. Жастар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жан-

ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ



жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу, жасөспірімдерде ұлттық сана-сезім мен патриотизм сезімін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған байқауға 14-29 жас аралығындағы қала жастары арасынан үміткерлер қағысты. Төрешілікті құрамы 5 адамнан тұратын қазылар алқасының мүшелері атқарды және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді жасаған жұмыстарына қарай бағалады. Конкурс қорытындысы бойынша бірінші орынды Сабира Нұрмұхаммедқызы Сейтенова жеңіп алды. Жүлделі екінші орынға Тамила Тимурқызы Смаиловае болса, Гафура Маханбетқызы Шиналиева үшінші орынды қанағат тұтты.

Конкурс жеңімпаздарына бағалы сыйлықтар және дипломдарды Приозерск қаласы әкім аппаратының басшысы, әдеп жөніндегі өкілі Исатаев Алтай Несипбекұлы табыстады.

Н. ӨТЕПТЕГІ.

Суретте: конкурс жүлдегерлерімен

«ДАЛАНЫҢ ДАРА ҰСТАЗЫ» ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ТУҒАНЫНА 180 ЖЫЛ

Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алған тұлғалардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ағартушы, жанашыл педагог, жазушы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин бар саналы ғұмырын туған халқын өнер-білімді, жаңа заманның өркеніетті, мәдениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Ол өзінің ағартушылық, педагогтік, ақын-жазушылық тарихи қызметі мен зор талантын, жан-жақты терең білімі мен қайрат-жігерін оқытып, тәрбиелеуге, қазақ жерінде жаңа үлгідегі мектептер ашып, оқушыларды өз кезінің озық ғылымымен қаруландыруға, кәсіп түрлеріне үйретуге арнаған.

Ы.Алтынсарын бұл жолда сан алуан кедергілер мен қиындықтарды жеңе отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді, сөйтіп, туған халқының мақтан тұтатын ардақтысына айналды.

2021 жылдың 2 қараша күні Приозерск қалалық кітапханасының балалар бөлімінде «Ағартушы ұстаздың өмір жолы» тәрбие сағаты өтті. Аталған іс-шараның мақсаты: Ыбырай Алтынсариннің адамгершілік,

ақындық қасиеттерін таныту және тіл шеберлігін ұғындыру. Оқушылардың ой тұжырымдарын, тарихи тіл байлықтарын, есте сақтау қабілеттерін, көркем сөз оқу шеберлігін дамыту. Ақын – жазушылардың,



жалпы өнерді құрметтей білуге, басқа да ұлы адамдардың көзқарасын сыйлай білуге

тәрбиелеу.

Ұлы тұлғаның 180 жылдығына орайластырылып өткізілген шара барысында кітапханашы халқымыздың мақтанышы - Ыбырай Алтынсариннің өмірі және шығармашылығына кеңінен тоқталды. Оқушылар өмірімен, шығармашылығымен етене танысты, өз бетімен ақпарат іздеуге, ұлылардың еңбегімен танысуға деген қызығушылықтарын оятуға мүмкіндік берді. Ісшара соңында «Даланың дара ұстазы» дайджест көрмесі ұйымдастырылды.

Ыбырай Алтынсарин – балалар әдебиетінің атасы. Халқымыздың жақсы қасиеттерін, өнегелерін өзімізге үлгі тұтайық себебі ананың ақ сүтін, еңбегін өтеу, ата дәстүрлерімізді

Дара ұстаз



құрметтеу – ұрпақтық борышымыз. Себебі, Ыбырай Алтынсарин - қазақ халқының сөнбес шырағы, даланың дара, дана ұстазы!

А.Т.Ермагамбетова,
«Приозерск қалалық кітапханасы»
КММ-нің балалар бөлімінің кітапханашысы

Поддержка

предпринимательства

Расширить сферы льготного микрокредитования для малого и среднего бизнеса в моногородах поручил президент Касым-Жомарт Токаев, сообщает корреспондент центра деловой информации Kapital.kz.

«В рамках национального проекта по развитию предпринимательства нужно предусмотреть отдельное направление льготного финансирования МСБ в моногородах под 5%. Следует расширить сферы для льготного микрокредитования», - сказал президент на республиканском совещании по развитию моногородов в Экибастузе.

Также, по словам главы государства, важную роль в диверсификации экономики

ДЛЯ МСБ МОНОГОРОДОВ РАСШИРЯТ Льготное кредитование

моногородов и развитии МСБ играют «якорные» проекты. Правительством реализуются 79 таких проектов на сумму 2 трлн тенге с созданием 20 тыс. рабочих мест.

«Однако в 3 моногородах реализация «якорных» проектов остановлена, в городе Аксае эти проекты недозагружены. Из 19 вновь запланированных проектов 14 или почти 75% приходятся на Павлодарскую и Карагандинскую области», - сказал он.

В Жанатасе пробоксовывает проект по строительству обогатительной фабрики, отметил глава государства. Соглашение со стратегическим инвестором подписано,

объем инвестиций составляет около 1 млрд долларов. Однако затягивается процедура его ратификации, пояснил он.

«Поручаю правительству оперативно разобраться и отчитаться по всем поднятым вопросам. При этом не следует заниматься дозагрузкой проектов со стороны квазигоссектора ради галочки, без учета экономических реалий», - сказал Касым-Жомарт Токаев.

Президент напомнил, что для многих моногородов градообразующими являются предприятия горнодобывающей отрасли. Поэтому геологическое изучение недр должно стать одним из приоритетов,

считает он: «Следует обратить внимание на 7 перспективных участков в моногородах Риддере, Хромтау, Жезказгане, Темиртау и Балхаше».

Отдельно президент остановился на развитии Экибастуза.

«Экибастуз является топливно-энергетическим центром всей страны, поэтому крайне важно завершить модернизацию энергоблоков ГРЭС-1 в 2023 году. Требуется, наконец, закончить строительство третьего блока ГРЭС-2. Поручаю завершить строительство до конца 2024 года», - сказал глава государства.

Источник: <https://kapital.kz>

ВНЕСУДЕБНОЕ УРЕГУЛИРОВАНИЕ СПОРА О ВЗЫСКАНИИ ЗАРАБОТНОЙ ПЛАТЫ

Если работодатель не выплачивает заработную плату, то люди могут взыскать заработную плату путем нотариальной надписи или обращаясь к государственному инспектору труда.

Государственное инспекция труда является уполномоченным государственным органом в сфере трудовых отношений. Если у вас возникли вопросы по поводу размера заработной платы, с сроками выплаты и условиями труда, любой гражданин может получить бесплатную консультацию в данном государственном учреждении. В случае если работодатель не идет на встречу и задерживает выдачу заработной платы, то подайте письменное заявление в данное государственное учреждение о не выдаче заработной платы и принятие мер в отношении работодателя. Государственный орган проведет проверку и даст мотивированный ответ.

Существует и другой способ, это обращение к нотариусу о выдаче исполнительной надписи о взыскании заработной платы. Человек, который обратился к

нотариусу должен представить документы, свидетельствующие о наличии задолжен-

ности.

Также может быть акт сверки, квитан-



ности, т.е. справка работодателя о начисленной, но не выплаченной заработной

плате и др. Если от должника не поступили возражения, далее исполнительная над-

Пресс-служба информирует

пись предъявляется на принудительное исполнение к судебным исполнителям.

21.01.2019 года Закон РК (вступивший в силу 03.02.2019 года) «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам усиления защиты права собственности, арбитража, оптимизации судебной нагрузки и дальнейшей гуманизации уголовного законодательства акты Республики Казахстан», расширил перечень требований, по которым взыскание задолженности производится в беспорядочном порядке при предъявлении исполнительных надписей нотариуса.

Преимущества исполнительной надписи в первую очередь заключается в сроках, т.е. не нужно проводить судебное заседание, ждать вступления в законную силу решения суда.

К примеру, если в суде дело рассматривает около двух месяцев, то нотариус, выдаст исполнительную надпись к взысканию через две недели.

Пресс-служба
Приозерского городского суда

Коронавирус

ПРЕЗИДЕНТ РАСПОРЯДИЛСЯ НАЧАТЬ РЕВАКЦИНАЦИЮ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА

Президент РК Касым-Жомарт Токаев на совещании по вопросам развития моногородов поручил приступить к кампании ревакцинации населения, передает корреспондент Kazpravda.kz.

"Эпидемиологическая ситуация остается нестабильной – ежедневно фиксируются до 30 летальных случаев. Все это происходит на фоне снижения темпов вакцинации. Охват населения за 9 месяцев составил около 40%. Большая часть стран приступила к ревакцинации населения. С учетом того, что мы начали активную кампанию в марте сроки ревакцинации подошли и у нас. Правительству и акимам



нужно приступить к кампании ревакцинации населения", - заявил Глава государства.

Источник: <https://kazpravda.kz/news>

PFIZER ПОСТУПИТ В КАЗАХСТАН 8-14 НОЯБРЯ

На заседании правительства первый вице-министр здравоохранения РК Марат Шоранов назвал даты поставки вакцины Pfizer в Казахстан, сообщает корреспондент центра деловой информации Kapital.kz.



«Ожидается поставка вакцин Pfizer в период с 8 по 14 ноября текущего года. Объем, согласно тем договорным обязательствам, которые были озвучены ранее,

составляет порядка 4 млн вакцин на 2 млн человек. Соответствующая работа сейчас с регионами проведена. В зависимости от численности населения будет каждому региону доставлено», - сказал он.

Также Марат Шоранов дал пояснения относительно продления зеленого статуса граждан в системе Ashyq до проведения ревакцинации.

Мы сейчас соответствующую работу проводим, чтобы информационные системы министерства здравоохранения также были интегрированы с Ashyq. Если человек действительно переболел и в течение 4 месяцев у него зеленый статус, у него до ревакцинации есть определенное время. Согласно нашим правилам - от 6 до 9 месяцев. На этот период мы будем делать так, чтобы в информационных системах статус этого человека был зеленым», - сказал он.

Источник: <https://kapital.kz>

НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти Хуразова Джусипа Яхшиликовича, умершего 12 октября 2021 года. Имеющим наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел. 8-775-1627005

Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15, Заказ № 44/740. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Социальная защита граждан

АДАПТАЦИЯ ОБЪЕКТОВ И ОБЕСПЕЧЕНИЕ ДОСТУПА К СОЦИАЛЬНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЕ

03 ноября 2021 года городская мониторинговая группа по адаптации объектов социальной и транспортной инфраструктуры провела выездной рейд.

Рейд группы осуществлялся совместно с руководителем отдела по контролю в сфере социальной защиты населения РГУ «Департамент Комитета труда, социальной защиты и миграции по Карагандинской области» Жаскленовой Д.Б. Целью совместной рейдовой группы была проверка исполнения Дорожной карты предвыборной программы партии «Nur Otan» «Путь перемен: Достойную жизнь каждому», в частности пункта 62 «Сохранение 100% безбарьерной среды для людей с особыми потребностями за счет контроля за вновь вводимыми объектами (ежегодно не менее 5 объектов)».

В ходе рейда посетили 12 адаптированных объектов, из них 5 объектов по Дорожной карте предвыборной программы партии «Nur Otan» г.Приозерск «Путь перемен: Достойную жизнь каждому». Из 5 объектов 1 объект полностью адаптирован, частично доступных 4 объекта взяты на контроль в РГУ «Департамент Комитета труда, социальной защиты и миграции по Карагандинской области». Руководителям организаций были предоставлены материа-



лы, носящие рекомендательный характер, в качестве основы для осуществления мер по совершенствованию обеспечивающих процессов, необходимых для обеспечения доступности услуг для лиц с ограниченными возможностями.

Ф.О.Жамбылбаева,
секретарь мониторинговой группы

ПРОДАМ *** НЕДВИЖИМОСТЬ *** ПРОДАМ

4-х комнатная квартира, площадью 52,6 кв.м., по ул.Космонавтов, д.5, 1 этаж, теплая, пластиковые окна, сделан ремонт, заменены все двери, линолеум, в туалете и ванной кафельная плитка, входная металлическая дверь.

Стоимость **12 млн.тенге.**

Торг на месте. Вопросы по телефону +77026040260.

3-х комнатная квартира, площадью 46,8 кв.м., по ул.Космонавтов, д.5, 1 этаж, теплая, пластиковые окна, солнечная сторона, входная металлическая дверь.

Стоимость **10 млн.тенге.**

Торг при осмотре. Вопросы по телефону +77761237675.

3-х комнатная квартира в городе Приозерск по ул Агыбай батыра, площадь -72 кв.м.частично с мебелью, 1 этаж, 100 шагов от озера, ремонт есть. Стоимость **15 000 000тг.**
Обращаться по номеру: 8 (747) 634-90-23